

И.А. КРЫЛОВ

МЫСАЛДАР

Орыс тілінен аударған
Абдрахман Асылбек

Алматыкітап баспасы
2014

УДК 821.161.1-03.512.122-93
ББК 84 (Рус-Каз) 7–5
К 78

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануға ұсынады

Крылов И.А.

К 78 Мысалдар. Орыс тілінен аударған Абдрахман Асылбек. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2014. – 236 бет, суретті.

ISBN 978-601-01-2055-6

Абдрахман Асылбек – жиырмадан астам жыр жинақтарының авторы. Оның 18-і балаларға арналған. «Туысыңды таптың ба?», «Сауысқанның сәлемі» атты кітаптары сатиралық өлеңдерден тұрады.

Қолдарындағы И.А.Крыловтың «Мысалдарын» ақын алғаш рет қазақ тілінде толық түрде түп нұсқасын: ұйқасын, ырғағын стилін сақтай тәржімалап, оқырман қауымға ұсынып отыр. Бұл мысалдар, әсіресе, мектеп оқушыларына хрестоматиялық қосымша оқу құралы ретінде аса қажет деп білеміз.

УДК 821.161.1-03.512.122-93
ББК 84 (Рус-Каз) 7–5


ISBN 978-601-01-2055-6

© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2010

АУДАРМАШЫДАН

Иван Андреевич Крылов – орыс жазушысы, мысалшы, ақын, Санкт-Петербург ҒА-ның академигі, орыс әдебиетінде мысал жанрын биік сатыға көтергендердің бірі. Өйткені, Крыловтың мысалдары дүниежүзілік мысалдық поэзияның шыңы болып есептеледі. Орыс сатирасының негізін қалаушы ірі өкілі Н.В. Гогольдің бағалауынша: «Крыловтың мысалдары халықтың даналық кітабы болып саналады». XVIII–XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің озық үлгілерін бойына сіңірген терең талант қана осындай даналық кітабын тудыра алар еді.

Иван Андреевич Крылов 1769 жылдың 2 ақпанында Мәскеу қаласында офицер жанұясында дүниеге келген. Оның балалық шағы Уралда жоқшылық пен қиыншылықта өткен. Әкесі Тверь қаласының чиновнигі Андрей Прохорович 1778 жылы дүние салғанда ол он жасқа толмаған бала болатын. Иван Крыловтың әкесі ғылым саласын игермесе де кітап оқығанды ұнататын, оның осы қасиеті ұлына дарыды. Әкесі оны оқуға, жазуға үйретіп, мұраға бір сандық кітап тастап кеткен. Әкесінің өлімінен кейін отбасының күнелтісі қиындап И.А. Крылов Тверь қаласының сотына қазына қағаздарын көшіруші болып жұмыс істеуіне тура келеді. Болашақ мысалшы осы қызметінің барысында болашақ шығармашылығына қажетті көп нәрселерге – шеңеуніктердің алаяқтықтарына, соттардың парақорлықтарына көзін жеткізді.



*К.П. Брюллов.
И.А. Крыловтың портреті.*

Крылов білімін анасының өтінішімен, жас ақынның өлеңдерімен танысқан – жазушы Николай Александрович Львовтың қамқорлығының арқасында жалғастырды. Жастық шағында біраз жыл Львовтың үйінде тұрып, оның блаларымен бірге оқып, оларға келген әдебиетшілер мен суретшілердің әңгімелерін тыңдады. Тверь қаласындағы бұл үй «әдебиет» үйі болатын. Үй иелері поэзияны жақсы көретін, әуесқойлық спектакльдер қоятын. Осының барлығын көрген Крыловтың әдеби шығармашылыққа деген алғашқызығушылығы оянған болуы керек, ол 15 жасында өлең мен прозадан тұратын өзінің алғаш «Кофейница» (1782–1784) атты комедия операсын жазған. Операсы жақсы қабылданып, әдебиетке деген алғашқы сенімін ұялатты.

Үздік-создық білім алған Крылов орфография жағынан осал болатын, уақыт өте келе білімін шыңдап, көп көргендігінің арқасында скрипкада ойнауды үйреніп, сонымен қатар итальян тілін меңгереді.

1782 жылы Крыловтардың отбасы Петербург қаласына қоныс аударады. Шешесі зейнетақы мәселесін шешуге әрекеттенеді, ба-



Мәскеу қаласындағы Патриарша тоғанындағы И.А. Крыловтың ескерткіші.

ласы Иван жалақысы мардымсыз қазыналық палатаға қиындықпен жұмысқа кіреді. Алған бетінен қайтпайтын, жігерлі Крылов өздігінен білім алуын тоқтатпай, әдебиет және театр саласындағы ортадан жаңа таныстар іздейді. Соның арқасында бірнеше трагедиялар мен комедиялар жазады. «Клеопатра», «Филомела», «Бедная семья», «Сочини-

тель в прихожей», «Проказники» атты комедиялық опералары осы кезде жазылған болатын. Көңілі толмаған ол театрдан қол үзіп, өзінің күшін сатирик-жазушы ретінде журналистика саласында сынамақ болады. 1789 жылы «Почта духов» атты сатиралық журнал шығарады. Журнал беттерінде ол француздарға еліктеушілік, қазына мүлкін тонау, жалғандық, крепостнойларға жасалған қысым, соттардың әлсіздігі сияқты келеңсіздіктерді өшкерелейді. Әрине, журналдың әрі қарай шығарылуы мүмкін емес еді, жинақ бақылаушы мекемелердің назарына ілігіп, 1789 жылы жабылуына әкеп соқтырды.

Осы уақыт ішінде (1788 ж.) анасы Марья Алексеевна Крылова дүние салады. Анасына деген сүйіспеншілік сезімін Крылов өмірінің соңына дейін сақтайды. Анасынан айырылған кезде інісі Лев 11 жаста болатын. Ол 1786 жылы 9–10 жасында Измайл полкінде «фурьер» есебінде қызмет атқарған. 1797 жылы офицер шенінде армия қатарына ауысқан, дәл осы кезден бастап ағасымен арасындағы қатынастары мәңгілікке ажыраған болуы керек. 1800 – 1824 жылдар аралығында өмірінің соңына дейін Лев Андреевич ағасымен хат арқылы хабарласып тұрған. Інісі ағасын өмір бойы «әкешім-ағам» деп атап кеткен. Лев Андреевич Суворов бастаған армия қатарында бірнеше ұрыстарға қатысқан. Өмірінің соңғы кезінде капитан шенінде гарнизонда әскери қызмет атқарған.



*И.Е. Эггинк. Мысалшы
И.А. Крыловтың портреті.
Майлы бояу, 1834 жыл.*



*Великий Новгородтағы
«Ресейдің 1000 жылдығы»
ескерткішіндегі
И.А. Крыловтың мүсіні.*

жақты білім алып, скрипкада ойнайтын, итальян тілін білетін және көркем шығарма жанрын терең меңгерген, шебер ұстаздық қасиеттерге ие, кемелденген тұлға болады.

1805 жылы Москвада болған кезінде И.И. Дмитриевке өзінің аудармалары Лафонтеннің екі мысалы «Дуб и Трость» пен «Разборчивая невестаны» көрсетеді. Крылов Лафонтеннің шығармаларын балаң жігіт шағынан жақсы көріп оқитын.

Ол Петерборға Александр I таққа отырғаннан кейін ғана қайтып оралып, драматургия саласындағы жұмысын жалғастырады.

1792 жылы Крылов «Зритель» атты сатиралық журнал шығаруды қолға алады. Бес аптадан кейін баспаханада Екатерина II-іншінің жарлығымен тінту жұмыстары жүргізіліп, журналды шығаруға тыйым салынады.

1793 жылы «Санкт-Петербургский Меркурий» атты журнал шығаруды жоспарлағанымен көп кешікпей бұдан да бас тартуға тура келеді. Ол барлық ісін тастап Петербордан ұзақ жылдарға кетіп қалады. Патша Павел билік құрған тұста Крылов орталықтан шалғай жерлерде тұрады.

1794 жылдан 1795 жылдың күзіне дейін Москвада тұрған. 1797 жылы Москвада князь Голицынды кезіктіріп, оның деревнясына барып мұғалімдік, қосымша секретарьлық қызмет істейді. Осы уақыт ішінде Крылов жан-

Оның «Модная лавка» (1806) және «Урок дочкам» (1807) атты пьесалары театр көрермендерінің көңілінен шығады.

1808–1810 жылдары Крылов Ақша сарайында қызмет істеген. 1808 жылы «Драма хабаршысында» оның алғашқы 17 мысалы басылып шығады. Крыловтың мысалдары жеке кітап болып ең алғаш қырық жасында, 1809 жылы жарық көрген. Содан бастап оның атағы асқан мысалшы ретінде көкке көтеріліп, орыс әдебиеті саласында өзінің лайықты бағасын алады.

Ол өзі өмір сүріп отырған патшалық, дворяндық орыс қоғамының көптеген кемшіліктерін жан-жақты жіті көре білген. Үстем тап пен жалшылар арасындағы бітіспес қайшылыққа барынша араласып, бақытты болашақты аңсаған. Қоғамда кездесетін түрлі кесепаттарды мейірімсіз түйреп, өлтіре сынаған.

1811 жылы желтоқсан айының 16 жұлдызында Крылов Ресей Академиясының мүшесі болып сайланып, 1823 жылдың қаңтар айында әдебиетке сіңірген еңбегі үшін осы Академияның Үлкен алтын медалімен марапатталған.

1829 жылдан Петербор университетінің құрметті мүшесі.

1825 жылы 59 ақын біріге отырып, оның мысалдарын француз және итальян тілдеріне аударған. Ал, 1898 – 1900 жылдары қазақ ақындарынан Абай 12 мысалын аударса, 1910 жылы Спандияр Көбеев 37 мысалын «Үлгілі тәржіма» деген атпен жеке кітапша етіп бастырып шығарған. Бұдан кейін жекелеген ақындар Крылов мысалдарының аудармаларын құрастырып шығарушылар болды. Дегенмен, осы күнге дейін Крылов мысалдары қазақ тілінде толық та, дәлме-дәл аударылып басылған емес. Абай аудармалары еркін аударылғанның өзінде, аударманың классикалық үлгісі болып қала бермек.





*Санкт-Петербургтегі
Александр Невский Лаврының өнер
қайраткерлері қорымына жерленген
И.А. Крыловтың моласы.*

Крыловтың мүсіні қоладан құйылады. Ескерткішті қай жерге орнату жөнінде көптеген ұсыныстар түсіп, ақырында патша Николай I шешімімен Петербор қаласының Жазғы бағына орнатылады. 20 жылдан кейін вандалдардан қорғау мақсатында ескерткішке өдемі қоршау салынады.

Ұлы мысалшы И.А. Крылов 1844 жылы 21 желтоқсанда жетпіс бес жасында дүниеден өтті. Санкт-Петербургтегі Тихвинск моласындағы Александр Невский Лаврының өнер қайраткерлері қорымына жерленген.

И.А. Крылов өлгеннен кейін, 8 жылдан соң мүсінші П.К. Клодт 1852 жылдың көктемінде Көркемсурет Академиясына Крыловтың мүсінінің жобасын ұсынады. 1853 жылы жоба бекіп,



*П.К. Клодт. Петербор қаласының
Жазғы бағындағы И.А. Крыловтың
ескерткіші. 1853 ж.*



ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ

Әлемге аян таңда бұл:
Өтірікші құйқылжыта мақтайды,
Сөз соңына бір қулығын сақтайды.

* * *

Ірімшікті тауып алып Қарға бір,
Талға келіп қонды да,
Таңғы асым деп, жеп алмақшы болды да,
Сәл бөгеліп, сол еді ойға ергені,
Сорына бір Түлкі жетіп келгені.
Өзі дәмді, көзді тартқан көрікті,
Ірімшіктің исіне шын елітті.
Ептеп басып, жылпос таяп талға да,
Жылмаң қаға қарады ол Қарғаға;
Сөз бастады сиқырлы бір үнімен:
«Көршім, неткен сұлу ең!
Мойын қандай, көз қандай!
Суреттеуге жетер екен сөз қандай?
Тұмсық қандай, жүн қандай!
Періштенің өзі жырлап тұрғандай!
Сайра сіңлім, ұялма! Тап осындай көрікпен
Ән шырқауға тиіссің тұла бойды еріткен,
Сенен артық құс патшасын көріп пе ем?!»
Басы айналып Қарға байғұс мадаққа,
Қуаныштан демі бітіп, әл кетті.
Бар даусымен қарқ еткен сол заматта,
Аузындағы ірімшік жерге бірден салп етті –
Бұйырды енді ол алдамшы арамтамаққа.



ЕМЕН МЕН ШІЛІК

Шілікпенен тілдесті Емен кезі кеп:
«Шындығында Тәңірге жөн налуың, –
Деді ол, – саған Торғай да ауыр сезілер,
Самалға да белгілі елпең қағуың
Және былқ-сылқ бұлғағың,
Басыңды ылғи жерге иіп;
Аянышты бұл халің.
Ал, мен болсам, Қап тауымен ең биік
Қатарласа қалқалап күн нұрларын,
Дауылың мен жауыныңа қыңбадым,
Қасқайып тік тұрғаным!

Алай-түлей соққан күшпен қуатты
Саған дауыл – маған самал сияқты.
Өссең егер маған таяу аздаған,
Құшақ жайып, бауырыма алар ем,
Қысылғанда, саған пана болар ем.
Бірақ саған Тәңір оны жазбаған.
Бұрқасын мен боран болып сыбаған,
Табиғатың солай сені сынаған».
Деді Шілік: «Екенсің шын мейірлі,
Бос қиналмай, салшы жөндеп зейінді.
Құйыныңнан ешбір қауіп қылмаймын,
Майысамын, бірақ та мен сынбаймын.
Қауіпті емес бораның,
Білем, саған қатерлірек боларын.
Рас, дауыл соққанымен ышқынып,
Сені әзірше жыға алған жоқ тықсырып.
Тұрғаныңмен төкаппарсып, тікейіп,
Іс ақырын күтейік!» –
Шілік соны айтып бола бергенде,
Солтүстіктен соқты дауыл бір сәтте-ақ,



Алай-түлей жауындатып, бұршақтап.
Емен шыдап, Шілігің солқылдады
сол жерде.

Екі есе күшейіп жел ышқынды,
Ысқырынып, кереметтей күш қылды.
Төбесімен көк тіреген Еменді
Тамырымен жұлып ала жөнелді.

ӘНШІЛЕР

Көрші сыйлап көршісін,
Қонақ қылып, ас берді.
Бірақ ойы басқа еді:
Тыңдатқысы келген біраз әншісін.
Өнге басты балалары зор-ақ тым,
Бар дауыспен бақырып,
Құлақ тұнып, аһ ұрып,
Басы қатты қонақтың.
«Ая мені, – деді көрші қайран қап, –
Мынауың ән емес-ті,
Жырту ғой құр өңешті!»
«Рас, – деді үй иесі жайраңдап, –
Бақырғанмен ышқынып,
Әншілерім ұрттамайды ішкілік,
Жұмсақ мінез, жайдарлы-ақ».

* * *

Дер едім мен: кейде ептеп ішсін-ақ,
Жүру керек іс, бірақ.



ҚАРҒА МЕН ТАУЫҚ

Смоленск князі
Айласына болып өзі разы,
Тұзақ құрып сан түрлі,
Мәскеуді жау қолына қалдырды.
Үлкен-кіші, бар тұрғыны қаланың
Шулай көшіп жатты анық,
Шыққандай боп топтанып,
Ұясынан араның.
Қарап тұрды Қарға асықпай бұл жайға,
Тұмсығымен қасынып.
«Ал, құдағи, сен де ұшарсың мұндайда, –
Деді Тауық асығып, –
Жау кеп қапты жайратар,
Сорпамызды қайнатар».
«Сөз болып па осың да, –
Деді Қарға, – қала берем осында.
Сіңлің сірә сойқаныңнан қорқа ма?
Қарғаны ешкім қайнатпайды сорпаға.
Тіпті, олармен тіл табысып кетермін,
Бұйырғанын қау жап, талшық етермін.
Сүйек-саяқ, ірімшік те табылар,
Жолың болсын, жағдайым жоқ жабығар». –
Қарға солай сайрады.
Ашыққан қу қарай ма?
Жалмай берді іліккенін алайда,
Қарға-дағы сорпа болып қайнады.

* * *

Кей адамдар ессіз соқыр Қарғадай,
Бақыт іздеп жүрген кезде жұлынып,
Аяқасты сүрініп,
Соры қайнар аңдамай.




ҚОБДИША

Кейде ойлау керек қой,
Еңбек жөні бөлек қой.
Қыбын тапсаң болғаны,
Іс оңалар қолдағы.

* * *

Әлдекімге бір Қобдиша келіпті,
Жасалуы таң-тамаша сымбатты.
Көркіменен көзді тартқан бұл затты
Шебер келіп айналдыра көріпті.
Содан кейін депті: «Жұмбақ аса бір,
Мына қобди құлыпсыз.
Ал, мен мұны не де болса ашамын,
Күлменіңдер үмітсіз.
Шеше аламын қандай сыры болса да,
Мұндай іске ептімін мен соншама».
Қобдишаны қолға алып,
Қарады әбден толғанып.
Басы қатып тұр тегі;
Шегесін бір, тұтқасын бір түртеді.
Мұны біреу байқады.
Басын шайқады
Ал, біреулер күліп, қалжың айтады,
Құлағында бір ызың:
«Олай емес!» Қиналды ол күнұзын.
Ыза кернеп, жарылуға шақ тұрды,
Содан кейін қобдишаны лақтырды.
Қобдишаның сыры жоқ-тын дара тым:
Жай ашыла салатын.



БАҚА МЕН ӨГІЗ

Шалшық суда көре қалып Өгізді,
Теңескісі келді онымен Бақаның.
Іштар еді негізі,
Ісіп-кепті шығаруға атағын:
«Қара, құрбым, Өгіздей боп қалдым ба?»
«Қайдағы Өгіз, жетуге оған алыс тым!»
«Қарашы енді, қаншалықты толыстым?
Өспеді ме қарным да?»
«Тұрсың әлі сол кішкентай қалпыңда».
Бақа Өгіздей боламын деп ышқынып,
Кере беріп қарынды,
Тарс етті де жарылды,
Өлді ақыры іс тынып.

* * *

Мұндай мысал аз емес-ау білгенге:
Кейбіреуді есер желік үргенде,
Нағыз мықты боламын деп жүргенде,
Сорлап қалар бір демде.

ПАРНАС

Аймақты әркім бөліп-бөліп алыпты,
Құдайларды гректерден қуғанда.
Парнас тауы тиген екен бір жанға,
Ол айдап кеп Есектерді бағыпты.
Мұнда әу баста тек Музалар тұрыпты,
Оны Есектер өлдекімнен біліпті.
Депті: «Бізді Парнасқа
Әкелмеген жай босқа.
Музалар шын жалықтырып біткен ғой,



Қожа бізден жақсы әуен күткен ғой». «Мен бастайын, – деп бір Есек ақырды, – Жасайық та батылды, Әнге басып тиімді, Мадақтайық үйірді! Даусымызды зор қылып, Ел тыңдайтын алайық бір хор құрып! Табысымыз жаман емес десек те, Тәртіп керек түбі ұятқа қалмасқа: Кімнің даусы ұқсамаса Есекке, Ондайларды жолатпайық Парнасқа». Есек құптап Есекті, Басталды ойын кезекті: Қаңғыраған арбадайын қиқылдақ, Қоя берді шиқылдап. Сондай әуен бола ма? Қожайыннан төзім кетсе, оңа ма? Бар Есекті қамап қойды қораға. Құр ашудан наданға ақыл қона ма? Халық сөзі сәуле берді санама: Ақылсыз бас – асқабақ, Оған ақыл бере алмассың басқарақ.

СӘУЕГЕЙ

Бір шіркеуде ағаш «Құдай» сақталды; Болжады ол алыс пенен жақынды, Кеңес беріп ақылды, Алтынменен апталды, Күміспенен күптелді, Бойын да әсем күткен-ді. Естіп мадақ қолпаштаған сөз түрлі, Басы айналып, көз тұнды.



Не айтса да, оған шындап сенді жұрт;
Кенет «Құдай» көпіріп,
Айтты кілең өтірік.
Сәуегейдің бар жауабы болды қырт.
Сұрағанмен не жайында одан кім,
Дұрыс жауап бере алмады оған шын.
Көріпкелдік күші қайда кеткен деп,
Таңданды ел бұл ісіне көптен-көп.
Істің мәні басқа еді,
Сол сәуегей қуыс кеуде қасқа еді:
Ішінде абыз отыратын бақылап,
Аңдасып.
Сол орынға келіп еді бір ақымақ алмасып,
Сөйлей алмай дәл басып,
Сәуегей де бола қалды ақымақ.

* * *

Осындай бір әңгімені татымды
Соттар жайлы естіп ек:
Жүрген екен өздері де есті боп,
Бар кезінде хатшылары ақылды.

КӨКТІКЕН ГҮЛ

Өсіп тұрған Көктікен гүл құлпырып,
Жарым-жарты солып қалды кенеттен.
Сабағынан салбырап та қылқынып,
Өлетұғын сәтті күтті со беттен.
Самалға ол мұңын шағып қамықты:
«Күн туар ма табатұғын бақытты?
Шіркін-ай, Күн нұрын төксе алаңға,
Бір пайдасы тиер ме еді маған да?»
Боқ илеген Қоңыз сонда тіл қатты:

